

Колледждің «қос жұлдызы» құрметтелді



Түрлі салада жетістіктерге

жетіп, Арқалықтың абыройын асқақтатып жүрген жастардың есімін ұлықтауға арналған «Алтын кітап» жобасы биыл да жалғасын тапқаны мәлім. Сол мәртебелі атты Н. Құлжанова атындағы ТГК – нен екі бірдей жас өнерпаз иемденіп отыр. Олар түрлі байқаулардың жеңімпазы, оқу орнының ғана емес, қаламыздың мақтаныштары, колледждің музыка бөлімінің оқытушысы Данияр Рыбеков

пен музыка бөлімінің 3 курс студенті Азамат Сейітжанов. «Алтын кітапқа» Данияр «Мәдениет» номинациясы бойынша еңсе, Азамат «Өнер» номинациясына лайық деп таңылды. Ұстаз бен шәкірттің еңбегі қатар бағаланып, қала тарихына «алтын әріптермен» жазылғанына ТГК ұжымы дән риза.

Нұрбол ЖАТҚАНОВ,
Н. Құлжанова атындағы
Торғай гуманитарлық колледжінің оқытушысы.